

«Бекітемін»

№190 мектеп директоры міндетін қоса атқарушы М.Рахмет

Техникалық тапсырма

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет. Осы техникалық тапсырмада Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы, "Қызылорда облысының білім басқармасының" Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "N190 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік топтағы және 1-4 сынып аралығындағы (білім беру ұйымының атауын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сәйкес келуі тиіс сапалық және сандық сипаттамалар жазылады.

Барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар

290

оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны

Әлеуметтік топтағы оқушылар саны -78

Оның ішінде:

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны

1-4 сынып оқушылар саны-121

басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)

Әлеуметтік көмек алатын 78 оқушы:
көпбалалы отбасынан 63 оқушы, Аз
қамтылған отбасынан 12 оқушы,
өзгесанат (ажырасқан, ата-
анасының біреуі қайтыс болған) -3 оқушы.

Күніне 1 балаға тамақтану құны (теңгемен):

Әлеуметтік топтағы оқушылар -519 теңге 64 тиын

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны

1-4 сынып оқушылар -500 теңге 00 тиын

басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)

Әлеуметтік топтағы оқушылар -519 теңге 64 тиын

Мектеп жанындағы лагерь

Мектеп жанындағы лагерьдегі балалар саны

оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны

Оның ішінде:

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны

1-4 сынып оқушылар саны -121

басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)

Әлеуметтік топтағы оқушылар саны -121

Оның ішінде:

6-10 жас -43 оқушы

11-14 жас -35 оқушы

15-16 жас - оқушы

Күніне 1 балаға тамақтану құны (теңгемен) ҚҚС-сыз 519 теңге 64 тиыннан кем емес

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №

ҚҚС-сыз 500 теңгеден кем емес

64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны

басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)

Әлеуметтік топтағы оқушылардың ҚҚС-сыз құны оның ішінде :

6-10 жас -500 теңге 00 тиын

11-14 жас- 516 теңге 47 тиын

15-16 жас-542 теңге 11 тиын

Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "N 190 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (білім беру ұйымының атауын көрсету) балалардың тамақтануын ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттары мен міндеттері оқушыларды тамақтық заттар мен энергияға жас ерекшеліктеріне сәйкес теңгерімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "N 190 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (білім алушыларды тамақтандыру ұйымдастырылатын орынды көрсету, асхана және (немесе) буфет) жүзеге асырылады.

Қызметті жеткізуші ас блогының және оның персоналының жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясының, азық-түлік салудың, порциялардың шығу нормаларының сақталуын, білім алушыларға азық-түлік пен тағамдардың ұсынуын және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау және өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметті жеткізуші ас блогында, өндірістік және қойма үй-жайларында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызмет жеткізуші әлеуметтік топтағы және 1-4 сынып оқушыларын бір мезгілгі ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін оқушылардың қауіпсіздігін және қажетті ыдыс аяқтардың жеткілікті көлемде болуын, оқушылардың сапалы және уақытылы тамақтануын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетуші (1 аспазшы, 2 аспазшы көмекшісінің) қағидаға сәйкес болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қызмет жеткізуші асханадағы дайындалатын тағамдардың сапасы мен салмағының ас мәзіріне сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін, қызметшілер тағам диетологы мен тағам технологуның және асхана өндіріс меңгерушісінің үнемі асхана блогында жұмыс жасауын қамтамасыз етуге міндетті.

Қызмет жеткізуші асханадағы ас даярлауда қолданылған ток пештері мен ауыз суды пайдаланғаны үшін, электр жарығы мен ауыз су тарифтерін төлеуге, саркынды су, қалдық заттар (коқыс) тиісті мекемелермен келісім шартқа отыруға міндетті.

Қала мектептерінде қызметті жеткізуші Шарт заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде ас әзірлейтін асхананың ас блогында бейнебақылау жүйесін орнатады және Тапсырыс берушіге объектіде орнатылған бейнебақылау жүйесімен бөлінген бейне сигнал (бейнекамералар) көзі бар нақты уақыт режимінде тағамдарды дайындау процесінің бейне ағындарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бейнебақылау жүйесі арқылы түсірілген материалдар білім беру ұйымында келесі 10 жұмыс күні ішінде сақталады. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық жеткізушінің меншігінде қалады.

Қызметті жеткізуші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және салық заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес асханада төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тамақтануды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30534 болып тіркелген) білім беру саласындағы акпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес тіркеу және есеп беру функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақпен қамтылған білім алушыларды есепке алу жүзеге асырылады.

Өнім беруші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес білім беру ұйымының тағамдар мен аспаздық өнімдердің (бракераж) сапасын органолептикалық бағалау журналын жүргізуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға байланысты мәліметтерді күн сайын және Тапсырыс берушінің талабы бойынша білім беру ұйымының сайтында орналастыру үшін (тағамның суреті бар ас мәзірі, атауы, бағасы) ұсынады.

Өнім беруші тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар (бракераждық), тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар мүшелерінің ас блогына кіруін қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық қасиеттері, дайындау технологиялары мен шарттары балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.

Мектептегі тамактанудың базалық ұйымынан Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы "Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "N 190 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (білім беру ұйымының атауын көрсету) асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды жеткізу жағдайында тиісті температураның сақталуын қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) пайдаланылады.

Оқу процесі кезеңінде білім алушыларға ыстық тамақ: бірінші ауысым үшін 10-55 сағат-5 мин (78 оқушы);, екінші ауысым үшін 15-35сағат-5 мин (81 оқушы),

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамактану кестесі білім беру ұйымының басшысы Рахмет Майгул (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бекіткен белгіленген тамактану режиміне сәйкес белгіленеді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін буфет өнімдерін сатуға жағдай жасалады. Буфет өнімдеріне, оның ішінде шырындарды, сусындарды, бөтелкедегі суды өткізу кезінде бағаларға өзгеріс енгізу ағымдағы кезеңдегі инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталында көрсетілетін қызметтерге (1 білім алушыға арналған тағамға) және (немесе) тауарларға орташа баға шегінде жүзеге асырылады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін өткізу 1 сағатта жүзеге асырылады (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты көрсетіледі).

Өнім беруші ай сайын мектеп директоры Рахмет Майгул (орта білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) мынадай мәліметтер ұсынады:

-білім алушылар үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін қуәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы;

-конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамының сәйкестігі туралы.

Өнім беруші міндетті түрде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін Тапсырыс берушімен бекітеді.

Нақты тамактану рационы перспективалық мәзірге сәйкес келуі тиіс.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін (оқушылардың санаттарын көрсету) жеңіл (диеталық) тамактану ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Қызметті жеткізуші дайын тағамдарды дайындау технологиясын сақтау және калориялылығына сәйкес болу үшін ас блоктарында тағам дайындаудың бірыңғай картотекасының (технологиялық карталар) болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялылығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас блогында тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас блогында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қажетті құжаттама (тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы, "С-витаминдеу" журналы, тағамдар мен аспаздық бұйымдардың сапасын органолептикалық бағалау журналы, ас блогы қызметкерлерін тексеру нәтижелерінің журналы, бір айдағы Тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау ведомостары, ас мәзірін, дайындалатын тағамдардың технологиялық картасын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (атап көрсету: жүкқұжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәліктері, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттары, ұсыныс-пікірлер кітабы) тұрақты түрде болады.

Өнім берушіде қызмет көрсету басталар алдында жұмыс істеуге рұқсаты бар ас блогының әрбір қызметкерінің медициналық кітапшалары болады.

Өнім беруші қызмет көрсетуді бастамас бұрын өндірістік бақылау жоспарын бекітеді және тапсырыс берушіге (ұйымдастырушыға) тиісті растайтын құжаттармен коса жоспардың көшірмесін ұсынады.

Өнім беруші қолда бар технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақытында мемлекеттік тексеруді (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Білім беру ұйымында қажетті технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтар мен мүкәммал болмаған жағдайда өнім беруші қызмет көрсету процесінде олардың болуын қамтамасыз етеді.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарлар сәйкес келуі тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары, кепілдік мерзімі, шығу тегі жазылады.

Тауарларға арналған техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалардың сипаты функционалдық шектерін, техникалық сипаттамалардың параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсаттары үшін тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Сатып алынатын тамақ өнімдері Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. Орындаушыға әрбір сипаттамалар мен қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.

Әлеуметтік педагог:



Ерболат Берік